

Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 мамырдағы № 2/18 "Жаңаарқа ауданының аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімінің күшін жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 шілдедегі № 57/390 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 тамызда № 5995 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабына сәйкес Жаңаарқа аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Жаңаарқа аудандық мәслихатының II сессиясының 2016 жылғы 11 мамырдағы № 2/18 "Жаңаарқа ауданының аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3833 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 04 маусымдағы № 26-27 (9757) "Жаңаарқа" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Сессия төрағасы
Жаңаарқа аудандық мәслихат хатшысы*

*О. Айтжанов
К. Имантусупов*